

БЕКІТЕМІН

**«Қарағанды облысының
мәдениет, архивтер және
құжаттама басқармасы» ММ
басшысы**

Е. Жұмакенов
«
» 2023 ж.

«ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЭПОСЫНАН ҮЗІНДІНІ МӘНЕРЛЕП ОҚУ БОЙЫНША ҚАЛАЛЫҚ БАЙҚАУДЫҢ ЕРЕЖЕСІ

(Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының
жылдық мерейтойы аясында)

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Бұл ереже «Қобыланды батыр» жырын мәнерлеп оқу байқауын үйымдастыру және өткізудің мақсаттарын, міндеттерін, шарттарын, тәртібін, мерзімін және басқа да талаптарын айқындайды.

1.2. «Қобыланды батыр» жырын мәнерлеп жатқа айтудың қалалық байқауы «Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы» КММ негізгі мерейтойлық іс–шаралар жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3. Байқау аясында қатысуышыларға «Қобыланды батыр» жырынан таңдауы бойынша 200 жол көлеміндегі үзіндісін жатқа мәнерлеп айту ұсынылады.

1.4. Байқауды «Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» ММ қолдауымен «Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы» КММ үйымдастырады.

1.5. Байқауға Қарағанды облыстық «ORTALYQ QAZAQSTAN» қоғамдық-саяси газеті ақпараттық қолдау көрсетеді.

II. МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ

2.1. Мақсаты:

- жеткіншектер арасында кітап оқуды және қазақ халқының батырлар жырын танымал ету.

2.2. Міндеттері:

- балалардың халық поэзиясына, көркем әдебиетке деген сүйіспеншілігін ояту;
- өскелен ұрпақтың шығармашылық және зияткерлік қабілетін дамыту;
- батырлар жырын жаттау арқылы балалардың бойына адамгершілік, намысшылдық, қайсарлық қасиеттерін дамыту.

III. ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ

- 3.1. «Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы» КММ (әрі қарай Ұйымдастырушы) байқауды ұйымдастыруши болып, оны дайындауға және өткізуге жауапты тарап болып табылады.
- 3.2. Ұйымдастырушы байқаудың қазылар алқасын бекітеді. Қазылар алқасының құрамына ақындар, жыршылар, журналистер және мұғалімдер шақырылатын болады.
- 3.3. Ұйымдастырушы қазылар алқасының шешіміне қарсылық етпейді.

IV. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ШАРТТАРЫ

- 4.1. Байқау 13-15 жас аралығындағы балалар арасында қазақ тілінде өткізіледі.
- 4.2. Қатысушыға «Қобыланды батыр» жырының ұнаған бөлігінен 200 жолдан кем емес үзіндіні жаттап, мәнерлеп оку ұсынылады.
- 4.3. Қатысушы өтінімді (қосымша1) 2023 жылғы 25 қыркүйекке дейін Қарағанды қ., Бұқар жырау даңғылы, 30 мекенжайындағы кітапханаға немесе **байқау-батырлар жыры** деп белгілеп, odb_abai@mail.ru электрондық поштасына жібереді.
- 4.4. Байқау екі кезең бойынша өтеді.
 - Бірінші кезеңде байқауға қатысушы әр үміткер 2023 жылдың 1-ші қазан күні Абай атындағы балалар кітапханасында «Қобыланды батыр» қазақ халқының қаһармандық жыры бойынша тестілеуден өтеді. Қатысушы үміткер 30 сұраққа жауап беріп, кемінде 27 ұпай және одан да жоғары ұпай жинағандар екінші кезеңге өтеді.
 - Екінші кезеңде 2023 жылдың 5 қазан күні Абай атындағы балалар кітапханасында «Қобыланды батыр» қазақ халқының қаһармандық жырын мәнерлеп жатқа айтудан сынға түседі
- 4.5. Қатысушының шығарманы оку мәнеріне және әртістік шеберлігіне назар аударылады, яғни батырлар жырын нақышына келтіріп, төгілтіп жырлауы ескеріледі.

V. БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ. МАРАПАТТАУ

- 5.1. Қатысушылардың мәнерлеп оку өнері 10 балдық шкала бойынша жүзеге асырылады.
- 5.2. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы I, II, III орын бойынша және номинациялар бойынша женімпаздарды анықтайды.
- 5.3. Жүлдегерлер бағалы сыйлықтар және дипломдармен марапатталады.
 - I орын – квадрокоптер
 - II орын - виртуалды шыны көзілдірігі
 - III орын (2) – портативті динамикБінталандыру сыйлығы (5) құлаққап.
- 5.4. Екінші кезеңге өткен үміткерлерге сертификат және жетекшілеріне алғыс хаттар беріледі.

Ұйымдастырушының заңды мекенжайы: Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы, Бұқар жырау даңғылы, 30 үй.

Байланыс телефондары: +7(7212) 41-23-25; 41-23-26 электронды поштасы: odb_abai@mail.ru

Байқаудың үйлестірушісі: Зейкенова Жібек Агибаевна, орта және жоғары мектеп жасындағы балаларға қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы, мобиЛЬДІ телефон +777 321 7310

Қосымша 1

**«ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЭПОСЫНАН ҮЗІНДІНІ МӘНЕРЛЕП ОҚУ
БОЙЫНША ҚАЛАЛЫҚ БАЙҚАУЫНА ҚАТЫСУ
ӨТІНІМІ**

Қатысушы (аты-жөні)	
Жасы	
Білім беру мекемесінің толық атауы, сыйныбы	
Байқауға қатысушының жетекшісі (аты-жөні толығымен, байланыс телефоны, e-mail)	

Өтінім беру күні